

**Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің ауыл шаруашылығын
мемлекеттік қолдау саласындағы заңнамасына мониторинг және
салыстырмалы-құқықтық талдау жүргізу туралы ереже туралы**

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2017 жылғы 21 қарашадағы № 160 шешімі

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 95-бабы 7-тармағының 7-тармақшасын іске асыру мақсатында Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. Қоса беріліп отырған Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау саласындағы заңнамасына мониторинг және салыстырмалы-құқықтық талдау жүргізу туралы ереже бекітілсін.

2. Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2012 жылғы 25 қыркүйектегі "Кеден одағына және Бірыңғай экономикалық кеңістікке мүше мемлекеттердің ұлттық заңнамасының 2010 жылғы 9 желтоқсандағы Ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдаудың бірыңғай қағидалары туралы келісімге сәйкестігі мәніне мониторингті жүзеге асыру және салыстырмалы-құқықтық талдау жүргізу тәртібі туралы ереже туралы" № 166 шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы*

Т. Саркисян

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2017 жылғы 21 қарашадағы
№160 шешімімен
БЕКІТІЛГЕН

**Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің ауыл шаруашылығын
мемлекеттік қолдау саласындағы заңнамасына мониторинг және
салыстырмалы-құқықтық талдау жүргізу туралы
ЕРЕЖЕ**

I. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау саласындағы заңнамасына мониторинг және салыстырмалы-құқықтық талдау (бұдан әрі тиісінше – Одақ, мүше мемлекеттер, мониторинг, салыстырмалы-құқықтық талдау) жүргізу тәртібін айқындайды.

2. Мониторингті және салыстырмалы-құқықтық талдауды Еуразиялық экономикалық комиссия (бұдан әрі – Комиссия) 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың (бұдан әрі – Шарт) 95-бабы 7-тармағының 7-тармақшасына сәйкес тұрақты түрде жүргізеді.

3. Мониторинг және салыстырмалы-құқықтық талдау жүргізудің мақсаты Одақ шеңберінде қабылданған ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдауды нормативтік құқықтық реттеу жөніндегі міндеттемелерді мүше мемлекеттердің орындауын қамтамасыз ету болып табылады.

4. Осы Ережеде пайдаланылатын ұғымдар Шартта айқындалған мәндерде қолданылады.

II. Мониторингті және салыстырмалы-құқықтық талдауды жүргізу тәртібі

5. Мониторингті және салыстырмалы-құқықтық талдауды жүргізу кезінде Комиссия :

а) мүше мемлекеттер ауыл шаруашылығына оларға сәйкес мемлекеттік қолдау көрсететін нормативтік құқықтық актілер туралы ақпарат жинауды және талдауды;

б) мүше мемлекеттердің ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау саласындағы заңнамасы мен Шарттың тиісті ережелеріне мүше мемлекеттер заңнамасының Одақ шеңберіндегі міндеттемелерге сәйкестігі мәніне салыстырмалы-құқықтық талдауды;

в) Дүниежүзілік сауда ұйымының (ДСҰ) шеңберінде үшінші елдердің ауыл шаруашылығы саласындағы халықаралық міндеттемелерді орындауы барысын бағалау практикасын қоса алғанда, үшінші елдердің ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдауды нормативтік құқықтық реттеуі тәжірибесін талдауды;

г) ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау туралы хабарламалар шеңберінде мүше мемлекеттер жүргізген мемлекеттік қолдау шараларын саралау нәтижелерін және осындай шараларды үшінші елдердің ДСҰ шеңберінде саралау практикасын ескере отырып, нормативтік құқықтық реттеуді уәждік бағалауды;

д) ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау мәселелері бойынша, соның ішінде осы саладағы ДСҰ құқығын дамыту мәселелері бойынша мүше мемлекеттердің бірлескен консультацияларын өткізуге жәрдемдесуді жүзеге асырады.

6. Комиссия мониторингті және салыстырмалы-құқықтық талдауды:

а) мүше мемлекеттердің нормативтік құқықтық актілерін ресми жариялау көздерінде қамтылған ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдауды нормативтік құқықтық реттеу туралы ақпаратқа;

б) ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау көлемі және мүше мемлекеттердің ресми статистикалық деректері туралы ақпаратқа қатысты жүргізеді.

7. Комиссия мүше мемлекеттердің атқарушы билік органдарына мониторинг және салыстырмалы-құқықтық талдау жүргізу үшін қажетті ақпарат беру туралы сұрау салу жіберуге құқылы.

8. Мүше мемлекеттердің атқарушы билік органдары Еуразиялық экономикалық комиссия туралы ереженің (Шартқа № 1 қосымша) 8-тармағының екінші абзацына сәйкес Комиссияға сұратылған ақпараттың ұсынылуын қамтамасыз етеді.

9. Мониторинг және салыстырмалы-құқықтық талдау Ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау шаралары туралы хаттаманың (Шартқа № 29 қосымша) 35-тармағына немесе 38-тармағына сәйкес ауыл шаруашылығына жоспарланып отырған немесе ұсынылған мемлекеттік қолдау туралы Комиссияға келіп түскен хабарламалар ескеріле отырып жүргізіледі.

III. Мониторинг және салыстырмалы-құқықтық талдау нәтижелерін бекіту нысаны

10. Мониторингтің және салыстырмалы-құқықтық талдаудың Комиссия қалыптастыратын нәтижелері:

а) мыналарды:

ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау шараларын іске асыру мақсаттарын;

ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау шараларын іске асыру мерзімдерін;

ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау шараларын ұсыну шарттарын сипаттайтын осы Ереженің 5-тармағының "а" тармақшасына сәйкес жүргізілген талдау нәтижелерін;

б) мыналарды:

мүше мемлекеттердің ауыл шаруашылығы тауарларымен өзара саудасына бұрмалаушы әсер етпейтін ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау шараларын;

мүше мемлекеттердің ауыл шаруашылығы тауарларымен өзара саудасына бұрмалаушы әсер ететін ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау шараларын;

мүше мемлекеттердің ауыл шаруашылығы тауарларымен өзара саудасына барынша көп дәрежеде бұрмалаушы әсер ететін ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау шараларын сипаттайтын осы Ереженің 5-тармағының "б" тармақшасына сәйкес жүргізілген салыстырмалы-құқықтық талдау нәтижелерін;

в) мыналардың:

ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау шараларын іске асырудың тиімділігі;

ауыл шаруашылығының даму серпіні;

ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау шараларының мүше мемлекеттердің өзара саудасына әсері;

Одақтың ішкі нарығындағы салалық бәсекелестік шарттары бөлігінде мүше мемлекеттердің нормативтік құқықтық реттеуін бағалауды;

г) мүше мемлекеттердің ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау саласындағы заңнамасын жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды қамтиды.

11. Комиссия Агроөнеркәсіптік кешен жөніндегі консультациялық комитеттің жанындағы жұмыс тобының шеңберінде 3 айда 1 реттен сиретпей мониторингтің және салыстырмалы-құқықтық талдаудың нәтижелерін қарауды қамтамасыз етеді.

12. Осы Ереженің 11-тармағына сәйкес жүргізілген мониторингтің және салыстырмалы-құқықтық талдаудың нәтижелерін қарау қорытындылары бойынша, мүше мемлекеттердің атқарушы билік органдары Комиссияға мониторингтің және салыстырмалы-құқықтық талдаудың нысаны мен мазмұнына қатысты бөлігінде ұсыныстар жібере алады.

13. Мониторинг және салыстырмалы-құқықтық талдау нәтижелерінің ақпараттық сипаты болады және олар Шарттың 95-бабы 7-тармағының 8-тармақшасына сәйкес Одақ шеңберінде іске асырылатын ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау саласындағы агроөнеркәсіптік саясатқа шолу дайындау кезінде пайдаланылуы мүмкін.